6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның «VIII - XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысы» атты диссертациялық зерттеуіне отандық ғылыми кеңесші, т.ғ.д., профессор Хабижанова Гульнара Болатовнаның

Пікірі

Орта ғасырлардағы Орталық Азия халықтарының тарихында этникааралық байланыстар күрделі тақырыптардың бірі болып табылады. Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу орта ғасырларда аталған аймақтағы ірі тайпалық бірлестіктердің бірінің этно-тарихи байланыстарын зерттеуге арналған. Қазіргі кезде қыпшақ бірлестігі тарихының түрлі аспектілеріне қатысты зерттеулердің көптігіне қарамастан, бұл тайпалық бірлестікке арналған тақырыптарға ғылыми ортада қызығушылық бәсеңдемей тұр. Мұндай қызығушылық көптеген мәселелердің, әсіресе орта ғасырлар тарихының жаһандық парадигмасын анықтайтын халықтардың этногенезінің пікір таласты болып қала беруімен назар аудартып отыр. Қыпшақ этникалық компонентінің түркі халықтарының этногенезінде, әсіресе қазақтардың этникалық тарихында маңызды орын алатынын негіздеп жату артық болар. Осы орайда диссертацияда көтеріліп отырған мәселенің өзектілігі анықтала түседі. Қыпшақтардың көрші халықтармен өзара қарым-қатынасын зерттеу кең мағынада дүние жүзі тарихындағы көшпелілік факторының асқақтап тұрған кезеңіндегі өркениетаралық байланыстардың механизімін зерттеу болып табылады.

Диссертацияда қарастырылып отырған мәселе кезінде ортағасырлық авторлар ал-Марвази, Қашқари, армян тарихшысы М.Эдесскийдің еңбектерінде көрініс тапқан, тарихи тағдырларын қыпшақтармен байланыстырған көшпелі басмыл, құн, қаи, шары тайпаларының қоныс аударуын қайта қарастыру қажеттігін көрсетіп отыр. Өз кезегінде бұл оқиғалар тарихшы-зерттеушілер С.Г. Кляшторный, С.М. Ақынжанов, Б.Е. Көмеков, О. Қараевтардың еңбектерінде әр түрлі түсіндірілді. Бұл тайпалардың бірігу сипаты этно-саяси болды. Түркітанушы С.Г. Кляшторныйдың пікірінше «половецтер тарихының бұл контексті сир-қыпшақтар тарихымен байланысы аз ғана болған».

Кезінде Рашид ад-Дин қыпшақ конфедерациясына кірген тайпалардың ішінде басқа да этникалық топтардың болғанын айтқан болатын. Дәл сол сияқты қомандар мен қыпшақтардың жақындығы туралы мәселе де солардың қатарында. «Тоқсан екі баулы қыпшақ» атанған бірлестік құрамы, орта ғасырлық деректердегі көрсетілген қыпшақ одағындағы тайпалар санынан әлдеқайда көп болған.

Осы кезеңде қыпшақтарда маңызды өзгерістер орын алған. VIII-X ғғ. бұл тайпалық құрылымның тарихы түркі тайпаларының ертедегі тал бесігі Алтаймен, қазіргі шығыс Қазақстан территориясымен байланыстырылса, XI-

XIII ғғ. қыпшақтар ортасында үлкен екі топқа – батыс және шығысқа бөліну орын алды. Қыпшақтардың шығыс тобына көбінде қазақ, өзбек этногенезіне қатысқан тайпалар кірген болса, қыпшақтардың батыстағы бөлігі Еділ-Орал аймағындағы халықтар, башқұрттар этногенезінің бөлшегі болды. Деректерде қыпшақ атанған түркі тайпаларының ауқымды қозғалысы Шығыс Еуропа, Кіші Азия территорияларына тарап, Египетке дейін жетті.

Диссертацияда қыпшақ бірлестігі тарихының аз зерттелген тұстары Кавказ халықтарымен этникалық және саяси байланыстарын зерттеу арқылы қарастырылады. Автор, бұл жерде археологиялық, топонимикалық және лингвистикалық мәліметтер, сондай-ақ жергілікті ортағасырлық грузин және армян деректері, халық ауыз әдебиеті ескерткіштері негізінде қарастырылып отырған кезең аралығын қамтитын халықаралық өзара байланыстардың сипатын ашып көрсетуге тырысқан. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста аталған аймақ тарихында қыпшақ компонентінің саяси күшейгені негізделеді. Қоман-қыпшақтарының гвардиясы грузиндердің билеуші әулетінің тірегі болған. Сонымен бірге, қыпшақ бірлестігінің солтүстік Кавказ халықтары, құмықтар, адыгтар, қарашайлар мен балқарлардың қалыптасуындағы этно-мәдени рөлі көрсетілген.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін көшпелілер мен отырықшы халықтар арасындағы қарым-қатынастардың тең болмағандығын сипаттайтын қалыптасқан болжамдық ұстанымдардың көп болуы да білдіреді. Осы жағынан алып қарастырғанда ұсынылып отырған диссертациялық жұмыста қоман-қыпшақ тайпалық бірлестігі мысалында көшпелілер мен отырықшылар ортасында интеграциялық үдерістердің ерекшелігі зерттелді.

Зерттеулер нәтижесі саяси тарих оқиғаларын талдауға, сауда-экономикалық байланыстарға, сондай-ақ көшпелілер мен отырықшы социумдардың өзара мәдени-тарихи ықпалдастығы мәселелері бойынша негізделді. Дәл осылай диссертацияда орыс жылнамаларындағы көшпелі-половцылардың қалыптасып жатқан орыс мемлекетінің саяси тарихындағы шоғырландырушы рөлі негізделеді. Ортағасырлық көшпелілер мықты жауынгер ғана болып қоймағаны белгілі, олар сонымен қатар байланыстырушы қызметін де атқарған. Зерттеліп отырған тақырыпта қоман-қыпшақтардың Русь пен Византия арасындағы экономикалық байланыстарда дәнекерлік орын алғаны көрсетілген. Сонымен бірге диссертациялық жұмыста мәдени өзара ықпалдастықтар, атап айтқанда көшпелілердің дәстүрлері, шаруашылық жүргізуі және тұрмыс-салтының таралуы да қарастырылған.

Бұл аспектілер бүгінгі таңда жинақталған археологиялық зерттеулердің, тарих ғылымына қосалқы салалар, лингвистика, генетика және антропологияның жаңа мәліметтері отандық және дүние жүзілік тарихтың ерте кезеңі бойынша материалдарды толықтыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған зерттеудің жаңалығы және келешегі оның кешендік пәнаралық сипат алуында, яғни тарихи шындық нақты-тарихи, «теориялық-сараптамалық» негізде бір уақытта қарастырылуында болып табылады.

Зерттеудегі қойылған міндеттерді шешуде халық ауыз әдебиеті ескерткіштері сияқты тарихи дерек түрлеріне, ДНК зерттеулерінің мәліметтерін қолдануға және дәстүрлі ортағасырлық жазбаша мәліметтерге ерекше орын берілген.

Диссертациялық жұмыстың жекеленген тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми журналдардағы ғылыми мақалаларда, сондай-ақ республикалық және халықаралық конференция материалдарында жарияланған.

Сагинаева Айнагуль Нургалиевна ұсынып отырған «VIII - XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланыстары» атты диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай орындалған және оны философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «6D020300–Тарих» мамандығы бойынша Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші, т.ғ.д.,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ
Қазақстан тарихы
кафедрасыныңпрофессоры **Г.Б. Хабижанова**

15.05.2019

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова
«_____» _____ 20____ жыл